

Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 16 қазанда № 21443 болып тіркелді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 86-бабының 4 және 6-тармақтарына, 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 185-бабына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10 -бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Міндетті медициналық қарап-тексеруге жататын адамдардың нысаналы топтары, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес міндетті медициналық қарап-тексерулерді жүргізу қағидалары мен мерзімділігі және "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Медициналық қарсы көрсетілімдер;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесі бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес денсаулық сақтау саласындағы кейбір нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

1) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушы

М. Шоранов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы Цифрлық
даму, инновациялар және аэроғарыш
өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы Еңбек және
Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушы
2020 жылғы 15 қазаны
№ ҚР ДСМ-131/2020
бұйрығына 1-қосымша

**Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтары,
зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемі**

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 28.01.2022 № ҚР ДСМ-7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.09.2022 № ҚР ДСМ-108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

| | | | |
|--|--|--|--|
| | | | |
|--|--|--|--|

| № | Міндетті медициналық қарап-тексеруге жататын адамдардың нысаналы топтары | Алдын ала медициналық қарап-тексерулер (Мерзімді медициналық қарап-тексерулер жұмысқа тұру немесе оқуға түсу кезінде) | | |
|----|---|---|---|----------------------------|
| | | Зертханалық және функционалдық зерттеулер | Зертханалық және функционалдық зерттеулер | Қарап-тексеру мерзімділігі |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | Қоғамдық тамақтану объектілерінің қызметкерлері | Флюорография | Флюорография | Әрбір 12 ай сайын |
| | | Гельминт жұмыртқаларына, мерезге, дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері, патогенді стафилококк қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа зерттеп-қарау | Гельминт жұмыртқаларына, мерезге, дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері, патогенді стафилококк қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа зерттеп-қарау | Әр 6 ай сайын |
| 2. | Тамақ өнеркәсібі және азық-түлік с а у д а объектілерінің қызметкерлері, азық-түлік тауарларын тасымалдаумен айналысатын тұлғалар | Флюорография, гельминт жұмыртқаларына, мерезге, дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері, патогенді стафилококк қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа зерттеп-қарау | Флюорография, гельминт жұмыртқаларына, мерезге, дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері, патогенді стафилококк қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа зерттеп-қарау | Әрбір 12 ай сайын |
| 3 | Кремді-кондитерлік өндірістер мен балалардың сүтханасының жұмыскерлері | Флюорография | Флюорография | Әрбір 12 ай сайын |
| | | Гельминт жұмыртқаларына, мерезге, дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері, патогенді стафилококк қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа зерттеп-қарау | Гельминт жұмыртқаларына, мерезге, дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері, патогенді стафилококк қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа зерттеп-қарау | Әрбір 6 ай сайын |
| | Жолаушыларға қызмет көрсету ұйымдарының (теміржол вокзалдары, аэровокзалдар, | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|--|
| 4 | әуежайлар, теңіз және өзен вокзалдары, автовокзалдар, метрополитендер) жұмыскерлері | Флюорография | Флюорография | Әрбір 12 ай сайын |
| 5 | Жолаушылар поездарының жолсеріктері, өзен, теңіз және авиакөлік стюарттары | Флюорография, гельминт жұмыртқаларына, мерезге, дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа а зерттеп-қарау | Флюорография, гельминт жұмыртқаларына, мерезге, дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа а зерттеп-қарау | Әрбір 12 ай сайын |
| 6 | Бастауыш, жалпы орта, кәсіптік, жоғары білім беретін оқу орындарының, мектептен тыс мекемелердің, компьютерлік клубтардың жұмыскерлері | Флюорография | Флюорография | Әрбір 12 ай сайын (оқу жылы басталу алдында – маусым, шілде, тамыз) |
| 7 | Балаларды және жасөспірімдерді маусымдық сауықтыру ұйымдарының жұмыскерлері | Флюорография | Флюорография | Әр 12 ай сайын (маусым басталар алдында) |
| | | Гельминт жұмыртқаларына, мерезге, дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа а зерттеп-қарау | Гельминт жұмыртқаларына, мерезге, дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа а зерттеп-қарау | Әрбір 6 ай сайын |
| 8 | Мектепке дейінгі ұйымдардың, мектеп-интернаттардың, балалардың жыл бойы жұмыс істейтін сауықтыру ұйымдарының, балалар үйлерінің, отбасылық үлгідегі үйлердің жұмыскерлері | Флюорография, | Флюорография | Әрбір 12 ай сайын |
| | | Гельминт жұмыртқаларына, мерезге, дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа а, патогенді стафилококкты тасымалдаушылыққа а зерттеп-қарау | Гельминт жұмыртқаларына, мерезге, дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа а, патогенді стафилококкты тасымалдаушылыққа а зерттеп-қарау | Әрбір 6 ай сайын |
| | | Флюорография | Флюорография | Әрбір 12 ай сайын |

| | | | | |
|----|---|---|---|---|
| 9 | Перзентханалардың (бөлімшелердің), балалар ауруханаларының (бөлімшелерінің), жаңа туған нәрестелер патологиясы бөлімшелерінің, шала туған нәрестелер бөлімшелерінің және ауылдық ауруханалардың аралас бөлімшелері стационарларының және күндізгі стационарлардың медицина жұмыскерлері. Меншік нысанына қарамастан ұйымдардың медицина жұмыскерлері | Гельминт жұмыртқаларына, мерезге, дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері, патогенді стафилококк қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа зерттеп-қарау | Гельминт жұмыртқаларына, мерезге, дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері, патогенді стафилококк қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа зерттеп-қарау | Әрбір 6 ай сайын (әрбір 12 ай сайын – кіші медицина персоналы) |
| 10 | Қан қызметі ұйымдарының медицина персоналы, хирургиялық, гинекологиялық, акушериялық, гематологиялық, стоматологиялық бейіндегі медицина жұмыскерлері және диагностика мен емдеудің инвазивті әдістерін жүргізетін медицина жұмыскерлері, гемодиализбен айналысатын медицина персоналы, сондай-ақ вирусологиялық, бактериологиялық, клиникалық, иммунологиялық және паразитологиялық зертханалардың медицин персоналы | Флюорография, АИТВ-ға зерттеп-қарау В вирустық гепатиті мен С вирустық гепатитінің маркерлеріне зерттеп-қарау | Флюорография АИТВ-ға зерттеп-қарау, В вирустық гепатиті мен С вирустық гепатитінің маркерлеріне зерттеп-қарау | Әрбір 12 ай сайын Әрбір 6 ай сайын (әрбір 12 ай сайын – кіші медицина персоналы) |

| | | | | |
|----|---|---|---|---|
| 11 | Санаторийлердің, демалыс үйлерінің, пансионаттардың, интернаттардың және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар | Флюорография, гельминт жұмыртқаларына, дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа зерттеп-қарау | Флюорография, гельминт жұмыртқаларына, дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа зерттеп-қарау | Әрбір 12 ай сайын |
| 12 | Қызмет көрсету саласының (моншалар, себезгі бөлмелері, сауналар, шаштараздар, косметологиялық салондар, кір жуатын орындар, химиялық тазалау) жұмыскерлері, бассейндер мен сумен емдеу орындарының, балшықпен емдеу орындарының, спорттық-сауықтыру ұйымдарының жұмыскерлері, қонақ үйлердің, мотельдердің, жатақханалардың, кемпингтердің менеджерлері, әкімшілері, қабаттарының меңгерушілері | Флюорография Гельминт жұмыртқаларына, мерезге зерттеп-қарау, Тері жабынының бүтіндігін бұзатын манипуляцияларды жүзеге асыратын объектілердің жұмыскерлері В және С вирустық гепатиттерінің маркерлеріне тексеріледі | Флюорография Гельминт жұмыртқаларына, мерезге зерттеп-қарау, В және С вирустық гепатиттерінің маркерлеріне зерттеп-қарау | Әрбір 12 ай сайын Әрбір 6 ай сайын |
| 13 | Дәрілік заттарды дайындаумен, буып-түюмен және сатумен айналысатын дәріханалардың, фармацевтикалық ұйымдардың (зауыттар, фабрикалар) жұмыскерлері | Флюорография | Флюорография | Әрбір 12 ай сайын |
| | Су дайындауға тікелей қатысы бар су құбыры құрылыстарының жұмыскерлері, су құбыры желілеріне | Флюорография, гельминт жұмыртқаларына, мерезге, дизентерия; сальмонеллез; іш | Флюорография, гельминт жұмыртқаларына, мерезге, дизентерия, сальмонеллез, іш | |

| | | | | |
|----|---|---|--|---|
| 14 | қызмет көрсететін адамдар, өндірістік зертханалардың, сумен жабдықтау және кәріз объектілерінің жұмыскерлері | сүзегі; А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа зерттеп-қарау | сүзегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа зерттеп-қарау | Әрбір 12 ай сайын |
| 15 | Жалпы білім беретін мектептердің, арнаулы орта және жоғары оқу орындарының оқушылары (студенттері) міндетті медициналық қарап-тексеруге жататын жұмыскерлер ретінде ұйымдарда практикадан өту алдында және оның кезеңінде | Флюорография. (Зертханалық және функционалдық зерттеулер практикадан өтетін ұйымның санатына сәйкес жүргізіледі | Флюорография | Практикадан өту кезеңінде 12 айда 1 рет |
| | | | Зертханалық және функционалдық зерттеулер оқушылар (студенттер) практикадан өтетін ұйымның санатына сәйкес жүргізіледі | |
| 16 | Оқуға түсетін адамдар | Флюорография, гельминт жұмыртқаларына, мерезге, психикаға белсенді әсер ететін заттарға зерттеп-қарау | Зертханалық және функционалдық зерттеулер оқуға түсу алдында жүргізіледі | |

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушы
2020 жылғы 15 қазаны
№ ҚР ДСМ-131/2020
бұйрығына 2-қосымша

Міндетті медициналық қарап-тексерулерді жүргізу қағидалары мен мерзімділігі және "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Міндетті медициналық қарап-тексерулерді жүргізу қағидалары мен мерзімділігі және "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (бұдан

әрі – Кодекс) 86-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 185-бабына сәйкес, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленген.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 01.12.2022 № ҚР ДСМ-148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қағидалар міндетті алдын ала, мерзімдік, ауысым алдындағы (рейс алдындағы), ауысымнан кейінгі (рейстан кейінгі), оның ішінде халықтың декреттелген тобын медициналық қарап-тексерулердің тәртібі мен мерзімділігін айқындайды, "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексеруден өту" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін регламенттейді.

2-тарау. Міндетті медициналық қарап-тексерулерді жүргізу тәртібі және мерзімділігі

3. Міндетті медициналық қарап-тексерулер алдын ала, мерзімдік және ауысым алдындағы (рейс алдындағы), ауысымнан кейінгі (рейстен кейінгі) болып бөлінеді.

4. Міндетті алдын ала, мерзімдік, ауысым алдындағы (рейс алдындағы), ауысымнан кейінгі (рейстен кейінгі) медициналық қарап-тексерулерді "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес белгіленген үлгідегі мемлекеттік лицензиясы бар медициналық ұйымдар жүргізеді.

1-параграф. Міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулерді жүргізу тәртібі және мерзімділігі

5. Міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер (бұдан әрі – алдын ала қарап-тексерулер) жұмысқа тұру немесе оқуға түсу кезінде кәсібі немесе оқу бойынша міндеттерді орындауға жарамдылығын анықтау, сондай-ақ жалпы, кәсіптік аурулардың алдын алу және инфекциялық және паразиттік ауруларды таратпау мақсатында жүргізіледі.

6. Алдын ала қарап-тексеруден өту кезінде қызметкер немесе оқуға түсетін адам өзінде айналасындағыларға қауіп төндіретін және ауыр жұмыстар, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстар жағдайларында еңбекке медициналық қарсы көрсетілімдер болып табылатын созылмалы аурулардың болуы туралы мәліметтерді өз еркімен ұсынады.

7. Медицина қызметкерлері алдын ала қарап-тексеруді жүргізу кезінде аурулар анықталған жағдайда, зерттелетін адамды зертханалық және аспаптық зерттеулер жүргізе отырып, толық қарап-тексеруге жібереді.

8. Алдын ала қарап-тексеру деректері Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес бекітілген нысан бойынша амбулаториялық пациенттің медициналық картасына

қызметкердің немесе оқуға түсетін адамның денсаулық жағдайының орындалатын жұмысқа (оқуға) сәйкестігі немесе сәйкес еместігі және оның еңбекке қарсы көрсетілімдерінің болуы туралы қорытындыны ресімдей отырып енгізіледі.

9. Алдын ала қарап-тексеруден өткен және зиянды өндірістік факторлары бар жұмысқа жарамды деп танылған адамдарға Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес бекітілген нысан бойынша медициналық анықтама беріледі.

2-параграф. Міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексерулерді жүргізу тәртібі және мерзімділігі

10. Міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексерулер (бұдан әрі – мерзімдік қарап-тексеру) жұмыс істейтіндердің денсаулық жағдайын динамикалық бақылауды қамтамасыз ету, аурулардың бастапқы белгілерін уақтылы анықтау, жалпы, кәсіптік аурулардың алдын алу және инфекциялық және паразиттік ауруларды таратпау мақсатында жүргізіледі.

11. Мерзімдік тексеріп-қарауларды өткізу кезеңділігі:

1) жыл сайынғы мерзімдік қарап-тексеру – жылына 1 рет;

2) ауысым алдындағы медициналық куәландыру – жұмыс ауысымы басталардан 1 сағат ішінде;

3) рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық қарап-тексеру – рейс басталардан 30 минут ішінде және рейс аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 28.01.2022 № ҚР ДСМ-7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Зиянды өндірістік факторлармен жұмыс істейтіндерге мерзімдік қарап-тексеру жүргізу кезінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық (оның ішінде көліктегі) бөлімшелері:

1) медициналық қарап-тексерудің толық қамтылуын, сапасын және уақтылы өткізілуін бақылауды жүзеге асырады;

2) жұмыскерлерді медициналық қарап-тексеру нәтижелерін қорытуға қатысады;

3) мыналардың:

жұмыскер жұмыс істейтін ұйымға (кәсіпорынға) қызмет көрсететін медициналық ұйымның;

жұмыскердің тіркелген орны бойынша медициналық ұйымның;

кәсіптік патология бойынша мамандандырылған көмек көрсететін медициналық ұйымның;

жұмыскерге жұмыс берген жеке және заңды тұлғалардың сұрау салуы бойынша еңбек жағдайларының санитариялық-эпидемиологиялық сипаттамасын ұсынады.

13. Медициналық ұйым медициналық қарап - тексеруді жүргізу үшін дәрігерлік комиссияның құрамын құрады және бекітеді және зиянды өндірістік факторлардың ерекшелігін ескере отырып, зертханалық және басқа да зерттеулердің түрі мен көлемін, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерімен келісілген медициналық қарап-тексеруге жататын контингенттің тізімдерін алғаннан кейін дәрігерлік комиссияның жұмыс уақыты мен мерзімдерін айқындайтын күнтізбелік жоспар (бұдан әрі - жоспар) жасайды. Жоспар ұйымның (кәсіпорынның) әкімшілігімен (жұмыс берушімен) келісіледі.

14. Дәрігерлік комиссияның құрамына мынадай медицина қызметкерлері кіреді: кәсіптік патология бойынша даярлықтан өткен терапевт, хирург, невропатолог, оториноларинголог, офтальмолог, дерматовенеролог, гинеколог, рентгенолог, функционалдық диагностика жөніндегі дәрігер, дәрігер-зертханашы.

Дәрігерлік комиссияның төрағасы кәсіптік патология бойынша кәсіптік қайта даярлаудан өткен және маман (кәсіптік патолог) сертификаты бар дәрігер-кәсіптік патолог болып табылады.

Дәрігерлік комиссияның жұмысына кәсіптік патология бойынша даярлықтан өткен басқа да мамандар (стоматолог, кардиолог, аллерголог, эндокринолог, фтизиатр, гематолог) тартылады. Медициналық қарап-тексерулерге қатысатын медицина қызметкерлері жұмыс беруші ұсынған өндірістік факторлар сипаттамасымен және жұмыскерлердің еңбек жағдайларымен танысады.

15. Медициналық қарап-тексеру жүргізу аяқталғаннан кейін күнтізбелік 30 күн ішінде дәрігерлік комиссияның төрағасы нәтижелерді қорытындылайды, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 4 данада қорытынды акті жасайды, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық (оның ішінде көліктегі) бөлімшелеріне ұсынады.

Қорытынды актіге басқа жұмысқа ауыстыру ұсынылған, стационарлық және санаторийлік-курорттық емдеу, емдеу-профилактикалық тамақтану, динамикалық бақылау көрсетілген адамдардың атаулы тізімі қоса беріледі.

Қорытынды акті медициналық ұйымның басшысы қол қойғаннан кейін орындау үшін ұйымның (кәсіпорынның) әкімшілігіне, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық (оның ішінде көліктегі) бөлімшелеріне жіберіледі, бір данасы медициналық қарап-тексеру жүргізген медициналық ұйымда қалады.

16. Міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексеру жүргізген медициналық ұйым әрбір жұмыскердің тексеру нәтижелерін медициналық ақпараттық жүйеге енгізеді.

17. Медициналық ұйым осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік

орган ведомствосының аумақтық (оның ішінде көліктегі) бөлімшелеріне жүргізілген медициналық қарап-тексеру нәтижелері туралы жиынтық есепті ұсынады.

18. Қарап-тексеру деректері Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес бекітілген нысан бойынша амбулаториялық пациенттің медициналық картасына енгізіледі. Қарап-тексеруге қатысатын әрбір медицина қызметкері кәсіптік жарамдылығы туралы өз қорытындысын береді.

Жұмыстан босатылған және басқа ұйымға (кәсіпорынға) ауысқан кезде амбулаториялық пациенттің медициналық қарап-тексеру деректері бар медициналық картасы жаңа жұмыс орны бойынша медициналық ұйымға беріледі.

19. Мерзімдік қарап-тексеруді жүргізу қорытындылары бойынша инфекциялық немесе паразиттік аурулар диагностикаланған, орындалатын жұмысқа қарсы көрсетілімдер болып табылатын инфекциялық аурулар қоздырғыштарының тасымалдаушылығы анықталған жағдайда медициналық ұйымның жауапты медицина қызметкері халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелеріне шұғыл хабарлама жібереді және науқасты тиісті медициналық ұйымға емдеуге жібереді.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық (оның ішінде көліктегі) бөлімшелері шұғыл хабарлама алғаннан кейін мұндай адамдарды жұмыстан шеттетеді.

20. Жұмыс беруші ұйымға (кәсіпорынға) қызмет көрсететін медициналық ұйыммен немесе жұмыскердің тіркелген жері бойынша аумақтық медициналық ұйыммен бірлесіп:

1) Кодекстің 86-бабының 4-тармағына сәйкес бекітілетін, Зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін басшылыққа ала отырып, кейіннен халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық (оның ішінде көліктегі) бөлімшелерімен келісе отырып, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті медициналық қарап-тексеруге жататын адамдардың тізімін 1 желтоқсаннан кешіктірмей жасайды;

2) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық (оның ішінде көліктегі) бөлімшесімен келісілген жұмыскерлерді сауықтыру және еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі жыл сайынғы іс-шаралар жоспарын әзірлейді;

3) медициналық қарап-тексеруден өтпеген немесе денсаулық жағдайлары бойынша еңбекке жарамсыз деп танылған адамдарды немесе еңбекке қарсы көрсетілімдері бар адамдарды жұмысқа жібермейді;

4) жұмыскерде кәсіптік ауру анықталған жағдайда, қорытынды актінің негізінде жұмыскердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауымен аурудың байланысына сараптама жүргізу үшін кәсіптік патология бойынша мамандандырылған көмек көрсететін медициналық ұйымға уақтылы жіберуді қамтамасыз етеді;

5) жұмыскерлерге жүргізілген медициналық қарап-тексеру нәтижелері бойынша қорытынды актінің ұсынымдарын орындайды.

21. Медициналық қарап-тексеру нәтижелері бойынша ұйымға (кәсіпорынға) қызмет көрсететін медициналық ұйым немесе жұмыскердің тіркелген орны бойынша аумақтық медициналық ұйым кейіннен жұмыскердің топтардың біріне, оның ішінде диспансерлік топқа тиесілілігін айқындай отырып және кәсіптік аурулардың және әлеуметтік мәні бар аурулардың профилактикасы бойынша ұсынымдарды бере отырып, одан әрі мынадай санаттар бойынша бақылау, емдеу және оңалту бойынша:

1) оңалтуды қажет етпейтін дені сау жұмыскерлер;

2) әртүрлі ағзалары мен жүйелерінде тұрақты емес функционалдық өзгерістері бар, іс жүзінде дені сау жұмыскерлер;

3) жалпы аурулардың бастапқы түрлерімен ауыратын жұмыскерлер;

4) кәсібінде жұмысын жалғастыруға қарсы көрсетілім болып табылатын, сондай-ақ қарсы көрсетілім болып табылмайтын жалпы аурулардың айқын нысандары бар жұмыскерлер;

5) организмге зиянды өндірістік факторлар әсерінің белгілері бар жұмыскерлер;

б) кәсіптік аурулардың белгілері бар жұмыскерлер топтарын құрады.

22. Жалпы аурулардың айқын нысандары бар жұмыскерлер медициналық ұйымдарға оңалтуға жіберіледі.

23. Медициналық оңалтудан кейін олардың кәсіптік жарамдылығына сараптама жүзеге асырылады. Кәсіптік еңбекке жарамды деп танылған жұмыскерлер жалпы аурулардың бастапқы нысандары бар адамдар тобында диспансерлік бақылауға жатады.

24. Организмге зиянды өндірістік факторлардың әсер ету белгілері мен кәсіптік аурулардың белгілері бар, сондай-ақ өзінде бар ауруға байланысты кәсіптік жарамдылығын анықтау қиын болған жағдайларда және кәсіптік жарамдылыққа сараптама жүргізу мақсатында кәсіптік патология бойынша мамандандырылған көмек көрсететін медициналық ұйымға жіберіледі.

25. Халықтың декреттелген топтары кәсіптерінің тізбесі, сондай-ақ қарап-тексерулердің көлемі мен жиілігі тиісті аумақтың Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына сәйкес нақты әкімшілік аумақта эпидемиологиялық көрсетілімдер болған кезде толықтырылады.

3-параграф. Міндетті ауысым алдындағы (рейс алдындағы) және ауысымнан кейінгі (рейстан кейінгі) медициналық қарап-тексерулерді жүргізу тәртібі және мерзімділігі

26. Міндетті ауысым алдындағы (рейс алдындағы) медициналық қарап-тексеру (бұдан әрі – ауысым алдындағы қарап-тексеру) жеке тұлғада ауруды анықтау немесе барын немесе жоқтығын растау, денсаулық жағдайын, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздығын, жұмысқа түсетін ауысымда (рейс) кәсіптік жарамдылығын, оның ішінде алкогольдік ішімдіктерді, есірткі, психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуды немесе осындай тұтынудың қалдық көріністерін анықтау мақсатында жүргізіледі.

27. Ауысымнан кейінгі (рейстан кейінгі) медициналық қарап-тексеру (бұдан әрі – ауысымнан кейінгі қарап-тексеру) жұмыс күні (ауысым, рейс) аяқталғаннан кейін жұмыс ортасы мен еңбек процесінің зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторларының жұмыскерлердің денсаулық жағдайына әсер ету белгілерін, жіті кәсіптік ауруды немесе улануды, алкогольдік ішімдіктерді, есірткі, психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуды немесе осындай тұтынудың қалдық көріністерін анықтау мақсатында жүргізіледі.

28. Жұмыс берушілер Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін жұмыскерлерді ауысым алдындағы (рейс алдындағы), ауысымнан кейінгі (рейстан кейінгі) міндетті медициналық қарап-тексеруден уақтылы өткізуді өз қаражаты есебінен қамтамасыз етеді.

29. Ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі қарап-тексерулерді жүргізу үшін ұйым немесе медициналық ұйым жылыту, сумен жабдықтау, кәріз, жарықтандыру жүйелерімен жабдықталған, медициналық жабдықтармен және құрал-саймандармен жабдықталған арнайы үй-жай бөледі.

30. Ауысым алдындағы қарап-тексеру жұмыс ауысымы (кезекшілік) басталар алдында жүргізіледі, ауысымнан кейінгі қарап-тексеру жұмыс ауысымынан (кезекшіліктен) кейін маршруттық (жол) парақты, нарядты орындауға арналған тапсырманы көрсеткен жағдайда жүргізіледі.

31. Ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі қарап-тексерулер жеке жүргізіледі және мыналарды:

1) сауалнама алу, тексерілетін адамның сыртқы түрін, жүрісін, қалпын, мінез-құлқының барабарлығын және эмоциялық реакцияларды, сөйлеудің байланыстылығы мен нақтылығын, мимикасын, санасын, тері жабындары мен көрінетін шырышты қабықтардың жай-күйін, аққабықтың бояуын, қарашықтың шамасын, тыныс алу ерекшеліктерін қара-тексеруді және бағалауды;

2) артериялық қысымды, тамыр соғуының жиілігі мен сапалық сипаттамаларын өлшеу және бағалау, қажет болған жағдайда дене температурасын өлшеуді (шағым немесе көрсетілім болған кезде) қамтиды.

32. Шағым, аурудың объективті белгілері және организмнің функционалдық жай-күйінің бұзылуы болмаған жағдайда тексерілген адам жұмысқа жіберіледі.

33. Ауысым алдындағы және/немесе ауысымнан кейінгі медициналық қарап-тексеруді жүргізген және алкогольдік ішімдіктерді, есірткі, психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтыну белгілерін немесе жұмыскерде осындай тұтынудың қалдық көріністерін (ауыздан алкогольдің иісі, қалыптың тұрақсыздығы, сөйлеудің бұзылуы, қол саусақтарының айқын дірілдеуі, тері жабынының түсінің өзгеруі, алкотест сынамасының оң көрсеткіші) анықтаған медицина қызметкері шешім қабылдайды және белгілерді анықтаған сәттен бастап екі сағаттан кешіктірмей жұмыскерді медициналық ұйымға медициналық куәландыруға жібереді.

34. Алкогольдік ішімдіктерді, есірткі, психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынудың анықталған жағдайлары немесе осындай тұтынудың қалдық көріністері туралы ақпарат жұмыс берушіге дереу хабарланады.

35. Медицина қызметкерлері аталған мамандық бойынша жұмыс істейтін адамдарды шеттету себептерін талдайды және талдау негізінде тәуекел топтарын құрады, оған алкогольдік ішімдіктерді, есірткі немесе психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға бейім, ұзақ және жиі ауыратын (созылмалы аурулардан зардап шегетін) адамдар кіреді.

36. Көрсетілген кәсіп бойынша жұмыс істейтіндерді науқастану себебі бойынша шеттету жағдайлары туралы, сондай-ақ тәуекел топтарына кіретін көлік құралдарының жұмыскерлері туралы ақпарат ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жұмыс берушінің жауапты адамына беріледі.

36-1. Ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі қарап-тексерулер осы Қағидаларға 4-1-қосымшаның 1 және 2-кестелерінде келтірілген ауысым алдындағы медициналық куәландыруды талап ететін кәсіптер тізіміне және рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық қарап-тексеруді талап ететін кәсіптер тізіміне сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. Қағида 36-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 28.01.2022 № ҚР ДСМ-7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі медициналық қарап-тексеруді жүргізу нәтижелері осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыскерлерді ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі медициналық қарап-тексеруді жүргізу журналында (бұдан әрі – Журнал) тіркеледі.

38. Журнал қағаз жеткізгіште жүргізіледі, оның беттері тігілуі, нөмірленуі, ұйымның мөрімен бекітілуі немесе дербес деректер туралы заңнаманың талаптары ескеріле отырып және міндетті түрде бетті басып шығарудың мүмкіндігі ескеріле отырып, электрондық жеткізгіште болуы тиіс. Журнал электрондық түрде жүргізілген жағдайда оларға енгізілген мәліметтер электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылады.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.12.2021 № ҚР ДСМ-125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Көлік құралдары жұмыскерлерін ауысым алдындағы (рейс алдындағы) және ауысымнан кейінгі (рейстен кейінгі) медициналық қарап-тексерудің нәтижелері жол парағында күні, уақыты көрсетіле отырып, мөртабанмен және медицина қызметкерінің қолымен және жұмыскердің өзінің қолымен не QR коды бар стикермен белгіленеді. Толтырылған Журнал және электрондық тасығыштағы деректер жұмыс берушінің мұрағатында 5 жыл бойы сақталады.

40. Ұшқыштарды, бортинженерлерді (бортмеханиктер, бортоператорлар, бортрадистер), штурмандарды, авиадиспетчерлерді, бортсеріктерді, сондай-ақ әуе қозғалысына қызмет көрсететін мамандарды (пилоттарды, авиадиспетчерлерді) даярлау жөніндегі оқу орындарындағы персоналды және онда оқитын және оқуға түсетін адамдарды медициналық қарап-тексеру Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 5 маусымдағы № 324 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15325 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында медициналық куәландыру және қарап-тексеру қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

3-тарау. "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексеруден өту" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

41. "Алдын ала міндетті медициналық қарап – тексеруден өту" мемлекеттік көрсетілетін қызметін медициналық денсаулық сақтау ұйымдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

42. Көрсетілетін қызмет процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексеруден өту" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

Уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және/немесе толықтырулар туралы ақпаратты өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді жүзеге асыратын ұйымдарға және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 01.12.2022 № ҚР ДСМ-148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке тұлға "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексеруден өту" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 6-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын ұсына отырып, көрсетілетін қызметті берушіге жүгінеді.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 01.12.2022 № ҚР ДСМ-148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

45. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету дәрежесі туралы деректерді Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

46. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтау (қоғамдық денсаулық сақтау) басқармаларының интернет-ресурстарында, сондай-ақ медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымдардың интернет-ресурстарында орналастырылған.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Ескерту. 4-тарау жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.12.2021 № ҚР ДСМ-125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

48. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2) тармағына сәйкес тікелей мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен өтініш берушінің шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

49. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны бойынша алуға болады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды сотқа дейінгі тәртіппен қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, мемлекеттік қызметтер көрсету

сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті берушіге беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Міндетті медициналық қарап-
тексерулерді жүргізу
қағидалары мен мерзімділігі
және "Алдын ала міндетті
медициналық қарап-
тексерулерден өткізу"
мемлекеттік қызметін көрсету
қағидаларына
I-қосымша
Нысан

20 _____ жылғы " _____ " _____ қорытынды акті

Ұйымның атауы _____

— Шарт бойынша, шартсыз (қажеттісінің астын сызу керек)

Медициналық қарап-тексеру _____ бастап _____ аралығында комиссиямен жүргізілді:

Комиссия төрағасы: _____

— (Т.А.Ә (бар болса)

Комиссия мүшелері (Т.А.Ә. (бар болса), лауазымы)

— _____

— _____

— 1. Ұйым (кәсіпорын), цех жұмыскерлерінің саны:

| | |
|--|--|
| | |
|--|--|

| | |
|---------------------|--|
| Барлығы | |
| оның ішінде әйелдер | |

2. Ұйымның (кәсіпорынның), цехтың зиянды және (немесе) қауіпті заттармен және өндірістік факторлармен жұмыс істейтін, сондай-ақ жұмыстардағы жұмыскерлерінің саны*:

| | |
|---------------------|--|
| Барлығы | |
| оның ішінде әйелдер | |

3. Медициналық қарап-тексеруге (зерттеуге) жататын, зиянды және (немесе) қауіпті заттармен және өндірістік факторлармен жұмыс істейтін, сондай-ақ осы жылы жұмыстардағы* жұмыскерлердің саны:

| | |
|---------------------|--|
| Барлығы | |
| оның ішінде әйелдер | |

4. Мерзімдік медициналық қарап-тексеруден (зерттеуден) өткен жұмыскерлер саны:

| | |
|---------------------|--|
| Барлығы | |
| оның ішінде әйелдер | |

5. Мерзімдік медициналық қарап-тексерумен қамту %:

| | |
|---------------------|--|
| Барлығы | |
| оның ішінде әйелдер | |

6. Мерзімдік медициналық қарап-тексеруді (зерттеуді) аяқтамаған/одан өтпеген жұмыскерлер саны:

| | |
|---------------------|--|
| Барлығы | |
| Оның ішінде әйелдер | |

Мерзімдік медициналық қарап-тексеруді (зерттеуді) аяқтамаған жұмыскерлердің атаулы тізімі:

| № | Т.А.Ә. (бар болса) | Ұйымның (кәсіпорынның) бөлімшесі |
|---|--------------------|----------------------------------|
| 1 | | |
| 2 | | |

7. Мерзімдік медициналық қарап-тексеруден (зерттеуден) өтпеген жұмыскерлер саны:

| | |
|---|--|
| барлығы, | |
| оның ішінде әйелдер | |
| оның ішінде жалпы саны ішінде себептер бойынша: | |
| уақытша еңбекке жарамсыздық парағы | |
| іссапар | |
| кезекті демалыс | |
| жұмыстан босату | |
| өтуден бас тарту | |

Мерзімдік медициналық қарап-тексеруден (зерттеуден) өтпеген жұмыскерлердің атаулы тізімі:

| | | | |
|--|--|--|--|
| | | | |
|--|--|--|--|

| № | Т.А.Ә. (бар болса) | Жынысы | Туған жылы | Учаске | Кәсібі | қауіпті заттар және өндірістік факторлар, жұмыс түрлері** | заттармен жұмыс етілі және өндірістік факторлар, жұмыс түрлері ** | сыныбы, диспансерлік бақылау тобы |
|---|--------------------|--------|------------|--------|--------|---|---|-----------------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |

Кестенің жалғасы

| Ауру алғаш рет анықталды | Жұмыстарға кәсіптік жарамды * | Жұмыстарға уақытша кәсіптік жарамсыз * | Жұмыстарға тұрақты кәсіптік жарамсыз * | Қорытынды берілмеді | Кәсіптік патология орталығында тексерілуді қажет етеді |
|--------------------------|-------------------------------|--|--|---------------------|--|
|--------------------------|-------------------------------|--|--|---------------------|--|

Кестенің жалғасы

| Амбулаториялық тексеруді және емдеуді қажет етеді | Стационарлық тексеруді және емдеуді қажет етеді | Санаторийлік-курорттық емдеуді қажет етеді | Емдеу-профилактикалық тамақтануды қажет етеді | Диспансерлік бақылауды қажет етеді |
|---|---|--|---|------------------------------------|
|---|---|--|---|------------------------------------|

9. Кәсіптік ауруға күдікті адамдар анықталды:

| P/c № | Т.А. Ә. (бар болса) | Ұйымның (кәсіпорынның), бөлімшесі | Кәсібі, лауазымы | Зиянды және (немесе) қауіпті заттар және өндірістік факторлар |
|-------|---------------------|-----------------------------------|------------------|---|
| 1 | | | | |
| 2 | | | | |

10. Өмірінде бірінші рет созылмалы соматикалық аурулар анықталды:

| № | АХЖ-10 бойынша ауру сыныбы | Жұмыскерлер саны (барлығы) |
|---|----------------------------|----------------------------|
| 1 | | |
| 2 | | |

11. Өмірінде бірінші рет созылмалы кәсіптік аурулар анықталды:

| № | АХЖ-10 бойынша ауру сыныбы | Жұмыскерлер саны (барлығы) |
|---|----------------------------|----------------------------|
|---|----------------------------|----------------------------|

12. Жұмыскерлерге жүргізілген мерзімдік медициналық қарап-тексеру (зерттеу) нәтижелері бойынша алдыңғы 20__ жылғы " __ " _____ қорытынды актінің ұсынымдарын орындау нәтижелері.

| № | Іс-шаралар | Өтуі тиіс (адам) | Орындалды | |
|---|--|------------------|-----------|-------|
| | | | абс. | %-бен |
| 1 | Кәсіптік патология орталығында зерттеу | | | |
| 2 | Толық зерттеу | | | |
| 3 | Амбулаториялық емдеу және зерттеу | | | |
| 4 | Стационарлық емдеу және зерттеу | | | |

| | | | | |
|---|---------------------------------|--|--|--|
| 5 | Санаторийлік-курорттық емдеу | | | |
| 6 | Емдеу-профилактикалық тамақтану | | | |
| 7 | Диспансерлік бақылауға алынды | | | |

13. Жұмыс берушіге ұсынымдар: санитариялық-профилактикалық және сауықтыру іс-шаралары және т.б.: _____

Ескертпелер:

* Зиянды факторлар тізбесіне және жұмыстар тізбесіне сәйкес зиянды және/немесе қауіпті өндірістік факторлар мен жұмыстар.

** Зиянды факторлар тізбесіне және жұмыстар тізбесіне сәйкес зиянды және/немесе қауіпті өндірістік факторлар мен жұмыстар тармақтарын санамалау.

Қолдар:

Комиссия төрағасы _____

Мөр орны _____ Т.А.Ә. (бар болса) _____ Қолы

Денсаулық сақтау субъектісінің басшысы _____

Мөр орны _____ Т.А.Ә. (бар болса) _____ Қолы

Актімен танысты:

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның басшысы _____

Мөр орны _____ Т.А.Ә. (бар болса) _____ Қолы

Жеке кәсіпкерлік субъектісінің басшысын қоспағанда, ұйым басшысы (жұмыс беруші) _____

Мөр орны _____ Т.А.Ә. (бар болса) _____ Қолы

Жеке кәсіпкерлік субъектісінің басшысын қоспағанда, ұйымның кәсіподақ комитетінің төрағасы _____

Мөр орны _____ Т.А.Ә. (бар болса) _____ Қолы

Міндетті медициналық қарап-
тексерулерді жүргізу
қағидалары мен мерзімділігі
және "Алдын ала міндетті
медициналық қарап-
тексерулерден өткізу"
мемлекеттік қызметін көрсету
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

20 __ жылғы _____ тоқсанда жүргізілген медициналық қарап-тексеру туралы
денсаулық сақтау субъектісінің есебі

| | | | | |
|--|--|--|--|--|
| | | | | |
|--|--|--|--|--|

| | | | | | | | |
|---|------------------------------|------------------------|---------|------------------|---------|--|---------|
| № | Ұйымның (кәсіпорынның) атауы | Қарап-тексеруге жатады | | Қарап-тексерілді | | Кәсіптік ауруларға күдікті адамдар анықталды | |
| | | Барлығы | Әйелдер | Барлығы | Әйелдер | Барлығы | Әйелдер |
| 1 | | | | | | | |

| | | | | | | |
|----------------------------------|---------|---------------------------------|---------|--------------------|--------------------|---|
| Соматикалық аурулармен анықталды | | Оның ішінде алғаш рет анықталды | | Қажет етеді | | Стационарлық тексеруге және емдеуге жіберілді |
| Барлығы | Әйелдер | Барлығы | Әйелдер | уақытша ауыстыруды | тұрақты ауыстыруды | |

Денсаулық сақтау субъектісінің басшысы _____

Тегі Аты Әкесінің аты (бар болса)

ҚОЛЫ

Міндетті медициналық қарап-тексерулерді жүргізу қағидалары мен мерзімділігі және "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың тізімі

| № | ТАӘ | Туған күні | Жынысы | Объекті немесе учаске | Атқаратын лауазымы | Жалпы жұмыс өтілі | Атқаратын лауазымы бойынша жұмыс өтілі | Соңғы қарап-тексеру күні | Кәсіптік зияндылығы | Ескертпе |
|---|-----|------------|--------|-----------------------|--------------------|-------------------|--|--------------------------|---------------------|----------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |

Міндетті медициналық қарап-тексерулерді жүргізу қағидалары мен мерзімділігі және "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Ауысым алдындағы (рейс алдындағы) және ауысымнан кейінгі (рейстен кейінгі) медициналық қарап-тексеру жүргізу журналы

| | | | | | | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|--|------------------------|--|--|--|
| | | | | | | | Көрсетілгендер бойынша | | | |
|--|--|--|--|--|--|--|------------------------|--|--|--|

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
|--------------|-----------------------|------------------|-------|------------|----------------|---|--|--|----------------------------|------------------|
| Күні, уақыты | Тегі Аты Әкесінің аты | Табельдік нөмірі | Шағым | Қан қысымы | Тамырдың соғуы | Медициналық көрсеткіш бойынша температура | алкогольдің немесе басқа психикаға белсенді әсер ететін заттардың болуына сынама | Болжамды диагноз көрсетіп отырып, маманға жіберу | Медицина жұмыскерінің қолы | Жұмыскердің қолы |

Міндетті медициналық қарап-тексерулерді жүргізу қағидалары мен мерзімділігі және "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына 4-1-қосымша

1-кесте

Ауысым алдындағы медициналық куәландыруды талап ететін кәсіптердің тізімі

Ескерту. Қағида 4-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 28.01.2022 № ҚР ДСМ-7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

| № | Кәсіп | Қарап-тексеру кезеңділігі |
|----|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | технологиялық цехтардың (полимеризация, дистилляция, катализаторлар өндірісі, полипропиленді түйіршіктеу, желім дайындау) аппаратшылары | жұмыс ауысымының алдында 1 сағат ішінде |
| 2. | сирек кездесетін элементтерді бөлу, компрессорлық қондырғылар бойынша аппаратшылар-гидрометаллургтар | жұмыс ауысымының алдында 1 сағат ішінде |
| 3. | жолаушылар поезының бригадасы (поезд бастығы, жолсеріктер, поезд электрмеханигі) | жұмыс ауысымының алдында 1 сағат ішінде |
| | | |

| | | |
|-----|--|---|
| 4. | өндіру және қазба жүргізу бригадаларының бригадирлері мен жетекшілері | жұмыс ауысымының алдында 1 сағат ішінде |
| 5. | жарушылар | жұмыс ауысымының алдында 1 сағат ішінде |
| 6. | қысыммен жұмыс істейтін түтіктерге қызмет көрсететін вулканизаторлар | жұмыс ауысымының алдында 1 сағат ішінде |
| 7. | сүңгуірлер | жұмыс ауысымының алдында 1 сағат ішінде |
| 8. | дезактиваторлар, дозиметристер | жұмыс ауысымының алдында 1 сағат ішінде |
| 9. | әуе және теміржол қозғалысы және метрополитен ұйымдарының диспетчерлері | жұмыс ауысымының алдында 1 сағат ішінде |
| 10. | аффинаж өндірісі шеберлері | жұмыс ауысымының алдында 1 сағат ішінде |
| 11. | азот-оттек станциясының машинистері | жұмыс ауысымының алдында 1 сағат ішінде |
| 12. | бұрғы қондырғылары машинистері мен машинист көмекшілері | жұмыс ауысымының алдында 1 сағат ішінде |
| 13. | мұнаралы, төрттағанды, көпір, шынжыр табанды, автомобиль, темір жол, порт және жүзу крандарының машинистері мен машинистердің көмекшілері | жұмыс ауысымының алдында 1 сағат ішінде |
| 14. | локомотивтер (электровоздар, тепловоздар, дизель және электр поездары) машинистері мен машинистердің көмекшілері; локомотивтік бригадалардың, оның ішінде метрополитен электропоездарының жұмыскерлері | жұмыс ауысымының алдында 1 сағат ішінде |
| 15. | жол машиналарының машинистері және машинисттің көмекшілері, дрезина, мотовоздар, автотристер және оның ішінде арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамның жүргізушілері және жүргізушілердің көмекшілері | жұмыс ауысымының алдында 1 сағат ішінде |
| 16. | өндіру және қазба жүргізу комбайндарының машинистері | жұмыс ауысымының алдында 1 сағат ішінде |
| 17. | қазандықтар машинистері, операторлары (жұмыс қысымы 0,07 мегапаскаль - бір шаршы сантиметрге 0,7 килограмм-күш болатын қазандықтар) | жұмыс ауысымының алдында 1 сағат ішінде |

| | | |
|-----|---|---|
| 18. | көтергіштердің машинистері, экскаваторлардың, діңгекті көтергіштердің, шприцмашиналардың машинистерінің көмекшілері, компрессорлық қондырғылардың операторлары, оттегі баллондарын толтырушылар | жұмыс ауысымының алдында 1 сағат ішінде |
| 19. | шлюз вахталарының және бақылаушылар бригадалырының бастықтары, аға бақылаушылар мен бақылаушылар, қылмыстық-атқару жүйесінің жүргізуші мамандары | жұмыс ауысымының алдында 1 сағат ішінде |
| 20. | ұңғымаларды жерасты жөндеу жөніндегі және бұрғылау мұнай өндіру, қабат қысымын ұстау, дайындау және айдау жұмыстарын жүргізу құқығы бар операторлар, арнайы су тазалау мен реакторлы қондырғылардың аға шеберлері | жұмыс ауысымының алдында 1 сағат ішінде |
| 21. | атом реакторын зерттеу, реактордың жұмысы және тоқтау жұмыстарына дайындық кезеңіндегі бригадалардың персоналы (жобаның бас инженері, ауысым бастығы, басқару инженері, инженер физик, инженер технолог, бақылау-өлшеу аспаптары инженері, қорғауды басқару жүйесінің инженері, инженер электрик, кезекші механик, электрик, слесарь-жөндеуші және дозиметрист, барлық кәсіптер бойынша стажерлар, жұмысқа қатысатын басқа да кәсіптер) | жұмыс ауысымының алдында 1 сағат ішінде |
| 22. | 220 Вольт және одан да жоғары кернеулі қолданыстағы электр құрылғыларға қызмет көрсететін, оларды жедел іске қосу және баптау, монтаждау жұмыстарын және осы электр құрылғыларында жоғары вольтты сынақтар өткізетін персонал | жұмыс ауысымының алдында 1 сағат ішінде |
| 23. | ядролық қауіпті учаскелерде ядролық қауіпті бөлінетін материалдармен жұмысты тікелей орындайтын басшылар, мамандар мен жұмыскерлер | жұмыс ауысымының алдында 1 сағат ішінде |
| | | |

| | | |
|-----|---|---|
| 24. | азот-оттек станцияларының, арнайы су тазалау ауысымдарының шеберлері | жұмыс ауысымының алдында 1 сағат ішінде |
| 25. | бағанға шығатын және адамды көтергіштің тұтқасын ұстайтын адамдар | жұмыс ауысымының алдында 1 сағат ішінде |
| 26. | атыс қаруын ұстауға және оларды қолдануға рұқсат етілген атқыштар (ведомстволық күзеттегі жұмыскерлер) | жұмыс ауысымының алдында 1 сағат ішінде |
| 27. | әуе кемелерінің экипаждары (ұшқыштар, бортинженерлер, бортсеріктер) бортмеханиктер, бортрадистер, штурмандар, бортоператорлар, бортсеріктер, әуеской ұшқыштар) | жұмыс ауысымының алдында 1 сағат ішінде |
| 28. | әуе кемелеріне, аэродромдарға және авиажолаушыларға қызмет көрсететін жұмыстарды атқаратын аэропорт жұмыскерлері (авиациялық қауіпсіздік қызметі, инженерлік-авиациялық қызмет, аэродром қызметі, жолаушылар және жүк тасымалын ұйымдастыру қызметі, авиа жанар-жағар май материалдары қызметі, аэропорттың диспетчер қызметі | жұмыс ауысымының алдында 1 сағат ішінде |
| 29. | өзен кемелерінің экипаждары (капитандар мен олардың көмекшілері, штурмандар, механиктер, матростар, мотористар, электриктер, радио мамандары) | жұмыс ауысымының алдында 1 сағат ішінде |
| 30. | метрополитеннің құрылысы және оны пайдалану кезінде барлық жерасты жұмысының түрлерін атқаратын жұмыскерлер (метрополитеннің қазба жүргізу комбайндарының машинистері, тау-кен шебері, тау-кен жұмысшысы, қазушы, эскалаторға қызмет көрсететін жұмысшылар, бағанға шығатын және адамды көтергіштің тұтқасын ұстайтын адамдар, жол жөндеушілер, радио мамандары) | жұмыс ауысымының алдында 1 сағат ішінде |
| 31. | вагонды тексерушілер, вагон қозғалысының жылдамдығын реттеушілер, поезд | |

| | | |
|--|--|---|
| | құрастырушылар және құрастырушылардың көмекшілері, құюшылар, шахтерлар | жұмыс ауысымының алдында 1 сағат ішінде |
|--|--|---|

2 кесте

Рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық қарап-тексеруді талап ететін кәсіптердің тізімі

| № | Кәсіп | Тексеру кезеңділігі |
|----|---|--|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | жолаушыларды, багажды, жүктерді, оның ішінде қауіпті жүктерді тұрақты және тұрақты емес тасымалдау маршруттарында жұмыс істейтін көлік құралдарының жүргізушілері | рейс басталар алдында 30 минут ішінде және рейс аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде |

Міндетті медициналық қарап-тексерулерді жүргізу қағидалары мен мерзімділігі және "Алдын ала міндетті медициналық қарап тексерулерден өткізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына 5-қосымша

"Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексеруден өту" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 01.12.2022 № ҚР ДСМ-148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексеруден өту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет | | |
|---|---|--|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Медициналық ұйымдар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері | 1) көрсетілетін қызметті беруші 2) "электрондық үкімет" веб-порталы |
| 3 | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | Құжаттарды күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 1 жұмыс күні |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде |
| | | "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" |

| | | |
|---|--|--|
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген № 075/е нысаны бойынша берілген медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды) не осы "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексеруден өту" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбенің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. |
| 6 | Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Ақылы негізде, мемлекеттік қызметті көрсету құны Кодекстің 202-бабына сәйкес айқындалады; Кодекстің 78-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес оқуға түсу және жұмысқа орналасу кезінде бекітілген орны бойынша 18 жасқа дейінгі балаларға - тегін |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі | 1) көрсетілетін қызметті беруші - көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұма аралығында; 1) 2) портал арқылы - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. |
| | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан | 1) көрсетілетін қызметті берушіге: жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжаттар (сәйкестендіру үшін); мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төлемді растайтын құжат; 2) порталға: электрондық түрде өтініш. Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші " электрондық үкімет" |

| | | |
|----|---|---|
| 8 | талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | веб-порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда "электрондық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде бір реттік парольді беру немесе қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен (сәйкестендіру үшін) алады. |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер | <p>1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігінің анықталуы;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы</p> |
| 10 | Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қойылатын өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті берушіге тікелей жүгінген кезде көрсетілетін қызметті беруші бекіткен дәрігерлердің жұмыс кестесіне сәйкес дәрігерлердің бос уақытын, рентгенологиялық (флюорографиялық) зерттеп-қарау мен зертханалық зерттеулерді таңдау мүмкіндігі беріледі. Қызмет көрсетілетін орынның жағдайларын көрсету көрсетілетін қызметті алушының порталда тіркелген ұялы байланыстың абоненттік нөмірі арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал хабарламасына жауап ретінде бір реттік пароль беру |

немесе қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Дене мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін пандус, шақыру түймесі, зағиптар мен нашар көретіндерге арналған тактильді жол, күту залы , құжаттар үлгілері бар тағандар болуы тиіс.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушы
2020 жылғы 15 қазаны
№ ҚР ДСМ-131/2020
бұйрығына 3-қосымша

| № | Медициналық қарсы көрсетілімдер |
|--|--|
| Зиянды және/немесе қауіпті еңбек жағдайларында жұмысқа жіберуге медициналық қарсы көрсетілімдер: | |
| 1 | <p>Нерв жүйесінің аурулары:</p> <p>1) функцияларының жеткіліксіздігі бар ағзалардың туа біткен аномалиялары (жұмыскердің жекелеген ағзаларының жеткілікті жұмыс істеуін талап етпейтін жұмыстар кезінде мұндай жұмысқа жіберу мәселесі жеке шешіледі);</p> <p>2) орталық және перифериялық нерв жүйесінің, ішкі ағзалар мен тірек-қимыл аппаратының сыртқы факторлардың әсерінен зақымдануының салдарлары : радиация, термиялық, химиялық және ағзалар мен жүйелер функциясының бұзылуын тудырған, мамандығы бойынша жұмысты орындауға кедергі келтіретін қайтымсыз өзгерістердің дамуымен басқа да әсер ету;</p> <p>3) бас миы және жұлын жарақаттары, цереброваскулярлық аурулар, сондай-ақ айқын неврологиялық бұзылулармен қатар жүретін олардың салдарлары;</p> <p>4) қимыл-қозғалыс және сезім бұзылулары, функциялардың бұзылуы бар нерв жүйесінің органикалық аурулары (сирингомиелия және сирингобульбия, миелопатия, балалардың церебральды сал ауруы және оның салдарлары, экстрапирамидалы құрылымдардың, пирамида және мишық жүйесінің зақымданулары, амиотрофиялық бүйірлік склероз, дегенеративті аурулар, факоматоздар, шашыраңғы склероз, жіті диссеминацияланған демиелинизация салдарлары, диффузды склероз, бас миы мен жұлынның жіті тамыр ауруларының салдарлары, ми қан айналымының созылмалы жеткіліксіздігі - II және</p> |

одан жоғары сатыдағы дисциркуляторлық энцефалопатия және басқа да органикалық аурулар);

5) орталық нерв жүйесінің созылмалы қабыну аурулары (энцефалит, менингоэнцефалит, менингит, миелит, энцефаломиелит және басқалары) және айқын неврологиялық бұзылулармен олардың салдарлары;

6) айқын және асқынған мигрень, өткінші транзиторлық церебральды ишемиялық ұстамалар және ұқсас синдромдар, нарколепсия, каталепсия, сананың әртүрлі жоғалту түрлері, көру, есту бұзылуларының пароксизмдері, синкопальды жай-күйлер және басқалары;

7) кәсібі бойынша жұмысты орындауға кедергі келтіретін нерв жүйесінің тұқым қуалайтын аурулары;

8) перифериялық нерв жүйесінің созылмалы аурулары, кәсібі бойынша жұмысты орындауға кедергі келтіретін функциялардың тұрақты бұзылулары бар нерв-бұлшықет аурулары;

9) бас миының қатерлі және қатерсіз аурулары, жұлынның және перифериялық нерв жүйесінің қатерлі аурулары.

Психикалық бұзылулар және мінез-құлық бұзылулары:

1) ауыр тұрақты немесе жиі асқынатын ауырсыну көріністері бар созылмалы психикалық және мінез-құлық бұзылулары, пароксизмальді бұзылулары бар эпилепсия;

2) симптоматикалық бұзылуларды қоса алғанда, органикалық, психикалық бұзылулар;

3) психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолдануға байланысты психикалық бұзылулар және мінез-құлықтың бұзылуы (кемінде 3 жыл тұрақты ремиссия сатысынан басқа);

4) шизофрения, шизофрениялық және алдамшы бұзылулар;

5) көңіл-күйдің бұзылуы (аффективті бұзылулар), интермиссияға жақын тұрақты терең ремиссиядан басқа, кемінде 3 жыл;

6) стресске байланысты невротикалық және соматоформдық бұзылулар (дәрігерлік-консультациялық комиссияның (бұдан әрі - ДКК) шешімі бойынша);

7) физиологиялық бұзылулармен және физикалық факторлармен байланысты мінез-құлық синдромдары (ДКК шешімі);

8) ересектердегі жеке басының және мінез-құлқының бұзылуы;

9) ақыл-ой кемістігі;

10) әдетте балалар мен жасөспірім жаста басталатын эмоционалды бұзылулар және мінез-құлық бұзылулары;

- 11) барлық психикалық аурулардағы суицидтік әрекеттен кейінгі жай-күй;
- 12) алкоголизм, нашақорлық, уытқұмарлық;
- 13) эпилепсия.

Соматикалық аурулар:

- 1) II және III дәрежелі жүрек жеткіліксіздігімен, тромбоэмболиямен, Лаун бойынша жоғары граация ырғағының бұзылуымен асқынған және басқа пароксизмальды жағдайлардың даму қаупі бар миокард, эндокард және перикардтың созылмалы аурулары (оның ішінде жүрек ақаулары, миокардиттер, кардиомиопатия, эндокардиттер, қайталанатын және адгезивті - конструктивті перикардиттер);
- 2) өкпе артериясының тромбоэмболиясынан кейінгі жағдай;
- 3) II-IV функционалдық класс бойынша тұрақты стенокардия, бұрын бұрын ауырған ірі ошақты миокард инфарктісі және II және III дәрежелі жүрек жеткіліксіздігі, тромбоз, эмболия, жүрек ырғағының айқын бұзылуы, аневризмасы бар жүректің созылмалы ишемиялық ауруының басқа да түрлері;
- 4) жіті ревматизмдік қызба: белсенді фаза, жүрек және басқа ағзалар мен жүйелердің зақымдануымен, сондай-ақ зиянды жағдайларда кәсібі бойынша жұмысты орындауға кедергі келтіретін жүректен тыс зақымданулардың салдарлары бар жиі қайталанулар;
- 5) қолқаның аневризмалары, аортиттер. Коронарлық артериялардың ангиопластикасы, аневризмэктомия және аортопластика, жүрек қақпақшаларын протездеу және жүрек пен тамырларға басқа да күрделі операциялар. Митралдық комиссуротомиядан, артериялық түтікті таңудан және басқа да күрделі емес кардиохирургиялық араласулардан, ірі коронарлық артериялардың бірінің окклюзиясынан немесе айқын стенозынан кейін аорто-коронарлық шунттаудан кейінгі жай-күйден кейін жұмыскерлер тиімді емдеуден кейін жіберіледі;
- 6) ырғақ пен өткізгіштіктің бұзылуымен асқынған, II және одан жоғары дәрежелі жүрек жеткіліксіздігінің болуымен жүректің алкогольдік зақымдануы;
- 7) II, III және IV функционалдық класты тұрақты стенокардиясы бар жүректің ишемиялық ауруы, үдемелі стенокардия, II және III дәрежелі жүрек жеткіліксіздігі, инфаркттан кейінгі ірі ошақты кардиосклероз;
- 8) ырғақ пен өткізгіштіктің бұзылуы - II және одан жоғары дәрежелі атриовентрикулярлық блокада, синус түйінінің әлсіздігі, пароксизмальды тахиаритмияның жиі ұстамалары, жыбырлақ аритмия тұрақты түрі, лаун бойынша жоғары

градациядағы жүрекше және қарыншалық экстрасистолия;

9) орнатылған ырғақ жүргізушісі;

10) өкпенің созылмалы аурулары (өкпенің созылмалы обструктивті ауруы, интерстициальді пневмония, саркоидоз, эмфизема, бронхоэктатикалық және II және одан жоғары дәрежелі өкпенің басқа да спецификалық емес аурулары) жиі асқынулармен, қан кетуге бейімділікпен, II және III дәрежелі тыныс алу жеткіліксіздігімен. Фиброзды альвеолит. Стихиялық пневмоторакстан кейінгі жағдай;

11) ауыр дәрежедегі бронх демікпесі бақыланбайтын; бақыланатын бронх демікпесі - айқындылығы әртүрлі дәрежедегі, жұмысқа жіберу мәселесін ДҚК шешеді;

12) ауыр ағыммен және айқын ауырсыну синдромымен, жиі асқынулармен, қан кетуге бейімділікпен ас қорыту ағзаларының созылмалы аурулары (оның ішінде асқазан мен 12 елі ішектің ойық жаралы ауруы, диеталық тамақтануды, ұйқы режимін сақтауды және дене жүктемесін шектеуді талап ететін операциялық араласудың салдарлары, энтерит, энтероколит, ойық жаралы колит, Крон ауруы, холангит, холецистит, панкреатит, гепатит), бауыр жеткіліксіздігі, бауыр циррозы;

13) қанның созылмалы ұюы, пурпура және басқа геморрагиялық жағдайлар;

14) қайталап әсер етуін жоққа шығаруға болмайтын аллергиядан туындаған анафилактикалық шоктан кейінгі жай-күй.

Хирургиялық аурулар:

1) туа біткен аномалиялар мен деформациялар, оның ішінде аяқ-қолдың 6 және одан да көп сантиметрге қысқа болуы;

2) басқа тармақтарда көрсетілмеген және кәсіптік қызметке кедергі келтіретін зақымдалған ағзалар функциясының тұрақты бұзылуымен қатар жүретін жарақаттар мен хирургиялық араласулардың салдарлары;

3) кәсіптік маңызы бар функциялардың тұрақты бұзылуымен сүйектердің, шеміршектердің, аяқ-қолдардың ірі буындарының және омыртқаның созылмалы аурулары;

4) бас сүйек-ми жарақаттарынан немесе операциядан кейін бас сүйектерінің ақаулары;

5) созылмалы іріңді аурулар (өкпе, іш қуысы абсцесі, пиоторакс, парапроктит, ішек, несеп жыланкөздері және басқалар);

6) өңештің тыртықты өзгерістері, функциясының айқын бұзылуы бар немесе асқынған диафрагмалық жарықтар;

| |
|--|
| <p>7) симптомды дивертикулез, полипоз және басқа да ас қорыту жолдарының симптомды қатерсіз ісіктері. Жарықтар. Кішігірім асқынбаған жарықтарда жұмысқа жіберу мәселесі жеке шешіледі;</p> <p>8) айқын ауырсыну синдромы және асқынулары бар өт-тас ауруы (оның ішінде созылмалы холангит, реактивті панкреатит, айқын көрінген холецистит);</p> <p>9) ас қорыту жолдарының, несепті және нәжісті ұстамау немесе ұстап қалумен қатар жүретін зәр шығару ағзаларының және қуық асты безінің созылмалы аурулары;</p> <p>10) перифериялық артериялардың стенозды атеросклерозы, Бюргер ауруы, Рейно синдромы. Қан тамырлары қабырғасының жарылу қаупі бар аневризмалар және басқа да артерия аурулары;</p> <p>11) айқын созылмалы веноздық жеткіліксіздігі бар аяқ тамырларының варикозды кеңеюі. Тромбофлебит, тромбоэмболиялық ауру. Асқынған геморрой;</p> <p>12) лимфангит, басқа да лимфоісіктері - III дәрежелі шораяк.</p> |
| <p>Тері және венерологиялық аурулар:</p> <p>1) терінің созылмалы аурулары: созылмалы кең таралған, жиі қайталанатын экзема, эмбебап псориаз, кең таралған, артропатиялық, пустулездік, псориастикалық эритродермия, созылмалы кең таралған, жиі қайталанатын дерматит, созылмалы қайтымсыз кең таралған ихтиоз;</p> <p>2) буллезді аутоиммунды бұзылулар: дүңгіршек (пемфигус), пемфигоид, герпетиформды Дюринг дерматиті;</p> <p>3) гангренозды пиодермия, ауыр өтетін басқа да созылмалы пиодермиялар;</p> <p>4) тері ісіктері (Капоши саркомасы, меланома);</p> <p>5) кеш нейросифилис;</p> <p>6) склеродермияның, эритематоздың тері көріністері (фотосенсибилизациялайтын түрлері).</p> |
| <p>Көз аурулары:</p> <p>1) глаукома;</p> <p>2) жиі қайталанатын көздің созылмалы қабыну аурулары;</p> <p>3) бинокулярлық көрудің болмауы және бұзылуы;</p> <p>4) еңбек жағдайына байланысты контактілі түзету;</p> <p>5) анофтальм, кәсібі бойынша міндеттерді орындауды қиындататын функциялары бұзылған көру органының даму аномалиялары;</p> <p>6) кәсіп бойынша міндеттерді орындауды қиындататын көру функцияларының бұзылуымен көру органының қатерсіз және қатерлі аурулары;</p> <p>7) көз жасы аппаратының, конъюнктиваның, склераның, мөлдір қабықтың, иристің және цилиарлы дененің көру функциясының бұзылуымен</p> |

| | |
|---|---|
| 6 | <p>немесе көз жасының тұрақты бөлінуімен созылмалы аурулары;</p> <p>8) кәсіп бойынша міндеттерді орындауды қиындататын көру функциялары бұзылған катаракта, афакия, екі жақты артификация;</p> <p>9) көру функцияларының бұзылуымен тамыр қабығының, торқабықтың, шыны тәрізді дененің, көру нервсінің аурулары;</p> <p>10) кез келген меридиандағы көру өрісінің бекіту нүктесінен 20 градусқа дейін тарылуы;</p> <p>11) түнгі соқырлық, ымырт көрудің төмендеуі және еңбек жағдайларына байланысты көздің соқырлыққа төзімділігі, мұндай жұмысқа жіберу еңбек жағдайларына байланысты жеке шешіледі;</p> <p>12) "А", "В", "С" типті түс көрудің туа біткен аномалиялары (ахроматопсия, протанопия, дейтеранопия, протаномалия, дейтераномалия).</p> |
| 7 | <p>Гинекологиялық аурулар:</p> <p>1) жүктілік және лактация кезеңі;</p> <p>2) бала туатын жастағы әйелдердің анамнезіндегі әдеттегі көтере алмау және ұрықтың аномалиясы;</p> <p>3) жамбас ағзалары функцияларының бұзылуымен әйелдің жыныс ағзаларының қатерсіз ісіктері;</p> <p>4) әйелдің жыныс ағзаларының менометроррагиямен, айқын ауырсыну синдромы бар аурулары;</p> <p>5) мено - метроррагиямен аналық бездердің дисфункциясы;</p> <p>6) әйелдің жамбас ағзаларының тубоовариалдық ісіктері немесе гидросальпингс бар созылмалы қабыну аурулары;</p> <p>7) кез келген жерде орналасқан айқын көрінген дисплазия;</p> <p>8) жамбас ағзалары функцияларының бұзылуы немесе анемизациялайтын қан кетулермен қатар жүретін декубитальді (трофикалық) ойық жара бар кез келген дәрежедегі әйелдің жыныс ағзаларының түсуі;</p> <p>9) әйелдің жыныс ағзаларының ісіктері.</p> <p>Арудың сатысына және жүргізілген түзетуші емге байланысты жіберіледі.</p> |
| | <p>Құлақ, тамақ, мұрын аурулары:</p> <p>1) екі құлаққа 3 және одан да көп метр сыбырлап сөйлеуді түзете отырып, есту протезін жасау кезінде II және III дәрежелі нейросенсорлық есту қабілетінің бұзылуы жұмысқа еңбек жағдайына байланысты жіберіледі;</p> <p>2) екі құлаққа тұрақты толық саңырау немесе керең мылқаулық;</p> <p>3) отосклероз;</p> <p>4) Меньер ауруы және вестибулярлық қызметі бұзылған ішкі құлақтың басқа да аурулары;</p> |

| | |
|---|--|
| 8 | <p>5) созылмалы синуситтер (полипозды - мұрынмен тыныс алудың бұзылуымен обтурациялаушы полиптер);</p> <p>6) еңбек жағдайларына байланысты аносмия;</p> <p>7) мұрынмен тыныс алудың бұзылуымен жаңа қалқаның қисаюы;</p> <p>8) мұрын және сыртқы тыныс алу функциясының бұзылуымен жоғарғы тыныс алу жолдарының қатерсіз ісіктері;</p> <p>9) есту қабілетін жақсартатын операциялардан кейінгі жай-күй. Жұмысқа жіберу мәселесі еңбек жағдайларына байланысты шешіледі;</p> <p>10) лабиринтит, лабиринтті фистула;</p> <p>11) склерома, Вегенер грануломатозы (некротизациялайтын респираторлық грануломатоз), көмейдің тыртықты стеноздары;</p> <p>12) есту функциясының бұзылуымен және жиі қайталануымен ортаңғы құлақтың созылмалы аурулары.</p> |
| 9 | <p>Инфекциялық аурулар:</p> <p>1) ағзалар мен жүйелер функцияларының бұзылуымен қатар жүретін созылмалы инфекциялық және паразиттік аурулар (оның ішінде адамның иммундық тапшылығынан туындаған ауру, бруцеллез, терең микоздар, токсоплазмоз);</p> <p>2) кез келген жерде орналасқан белсенді туберкулез. Зақымданған ағзалардың функционалдық бұзылуларымен қатар жүретін, бұрын ауырған туберкулездің (оның ішінде операциядан кейінгі) салдарлары;</p> <p>3) өнеркәсіптік аэрозольдердің әсерімен байланысты жұмыстар кезінде бұрын ауырған өкпе туберкулезінен кейінгі үлкен қалдық өзгерістер.</p> |
| | <p>Поездар қозғалысымен байланысты жұмысқа жіберуге медициналық қарсы көрсетілімдер:</p> |
| | <p>Психикалық бұзылулар, мінез-құлықтың бұзылуы және нерв жүйесінің аурулары:</p> <p>1) өтпелі невротикалық бұзылулар, депрессивті эпизод, стресске жіті реакция.</p> <p>Тежегіш жұмысшылары, бағыттаушылар, тіркеушілер, теміржол көлігінің жол машиналары мен механизмдеріне қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмысшылар, теміржол вагондарының жолсеріктері, кондукторлар, өндірістік пайдалану бөлімшелерінің басшылары, техник - механиктер топтарында жұмыс істейтін адамдар тиімді емделгеннен кейін жұмысқа жіберіледі. 6 айдан кейін суицидтік әрекетпен тұлғаның бір рет истериялық бұзылуынан кейін кезектен тыс міндетті медициналық қарап-тексеру жүргізіледі. Машинистер, жүргізушілер және олардың көмекшілері тобынан басқа барлық топтардың</p> |

жұмыскерлері тиімді емделіп, сауыққаннан кейін жұмысқа жіберіледі;

2) вегетативтік нерв жүйесінің пароксизмальді және кардиологиялық бұзылулары жоқ қалыпты айқын көрінген бұзылулары, көру бұзылуы жоқ мигрень.

Жеңіл вегетативтік бұзылулар машинистер, жүргізушілер және олардың көмекшілері кәсіптеріне түсетіндерден және машинистің көмекшісінің поезд жұмысымен айналысатын жұмыскерлерден басқа, поездар қозғалысымен байланысты жұмыстарға қарсы көрсетілім болып табылмайды. Теміржол көлігінің жол машиналары мен механизмдеріне қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмысшылар тобының бастықтары жұмысқа жіберіледі;

3) сирек асқынулары бар және сезім және қимыл-қозғалыс функцияларының кенеттен емес бұзылулары бар перифериялық нерв жүйесінің созылмалы аурулары.

Жиі асқынулары жоқ жеңіл радикулярлық синдромдар жылжымалы жабдықтың жүргізушілері мен машинистері, тежегіш жұмысшылары, бағыттаушылар, тіркеушілер, теміржол көлігі жол машиналары мен механизмдеріне қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмысшылар, теміржол вагондарының жолсеріктері, кондукторлар, өндірістік пайдалану бөлімшелерінің басшылары, техник-механиктер, желілік құрылыстарға және станциялық байланыс жабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмысшылар, мамандандырылған бөлімшелердің басшылары топтарында тұратын жұмыскерлер үшін қарсы көрсетілім болып табылады. Жұмысқа бастықтар мен инженерлер лауазымына орналасатын адамдар жіберіледі.

Қол, табан немесе аяқ - қол функцияларының бұзылуымен қол және аяқ нервінің жеңіл парездері - локомотив бригадаларында жұмыс істейтін, аяқта ұзақ уақыт болуға байланысты жұмыстарда жұмыс істейтін, сондай-ақ кәсіптік маңызы бар функциялардың бұзылуы кезінде кәсіптерде жұмыс істейтіндер үшін қарсы көрсетілім болып табылады. Диспетчерлер, көлікте есептеумен айналысатын қызметшілер, тежегіш жұмысшылар, бағыттаушылар, тіркеушілер, теміржол көлігі жол машиналары мен механизмдеріне қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмысшылар тобында жұмыс істейтіндер тиімді емделгеннен кейін жұмысқа жіберіледі;

4) органикалық өзгерістер (жарақаттардың, нейроинфекциялардың және уланулардың салдарлары) және шамалы неврологиялық бұзылулары бар орталық нерв жүйесінің баяу үдемелі аурулары жылжымалы жабдық

жүргізушілері мен машинистері, диспетчерлер, көлікте есепке алумен айналысатын қызметшілер тобы үшін қарсы көрсетілім болып табылады. Қалған жұмыскерлердің кәсіптік жарамдылығын сараптау жеке шешіледі;

5) жұмысты орындауға кедергі келтіретін идиопатиялық ауыз-бет дистониясы, спазмдық қисық мойын, блефароспазм, органикалық сипаттағы тартылулар, экстрапирамидалы және қимыл-қозғалыс бұзылулары жылжымалы жабдық жүргізушілері мен машинистері және олардың көмекшілері тобы үшін қарсы көрсетілім;

6) жіті инфекциялық, интоксикациялық және басқа да осындай психоздардан кейінгі жай-күй, соматикалық аурулар кезіндегі қысқа мерзімді жеңіл өтпелі психикалық бұзылулар. Жұмыскерлер бір жылдан кем емес дәрігерлік бақылау, соматикалық аурудан айығу және психикалық қызметін толық қалпына келтіру жағдайында жеке тәртіппен жұмысқа жіберіледі;

7) дискогенді радикулиттерді тиімді хирургиялық емдеуден кейінгі жағдай жылжымалы жабдықтың жүргізушілері мен машинистері, диспетчерлер, көлікте есеп жүргізумен айналысатын қызметшілер, тежегіш жұмысшылар, бағыттаушылар, тіркеушілер үшін қарсы көрсетіледі. Жұмысқа тиімді операциялық емдеуден кейін 6 айдан соң жіберіледі.

Соматикалық аурулар:

1) 0-I дәрежелі жүрек жеткіліксіздігі бар жүрек ырғағының және төмен градация өткізгіштігінің бұзылуы (экстрасистолия, I дәрежелі атриовентрикулярлық блокада, WPW (ВПУ)-пароксизмсіз синдром (Вольф-Паркинсон-Уайт) және кенеттен емес бұзылулар). Барлық топтағы жұмыс істейтіндер тиімді емдеуден кейін жұмысқа жіберіледі. Орташа тахи- немесе брадикардия, сирек монотоптық кеш экстрасистолия, Гис шоғының оң аяғының толық емес блокадасы жылжымалы жабдықтың жүргізушілері мен машинистері кәсібінің тобына, машинистің көмекшісінің поезд жұмысында жұмыс істейтін машинистер, жүргізушілер тобы жұмыскерлерінің тобына тұратындарға қарсы көрсетілімдер болып табылады;

2) миокард инфарктісі және айқын аритмиясы жоқ, I-функционалдық класты стенокардиямен, 0-I дәрежелі жүрек жеткіліксіздігімен жүректің созылмалы ишемиялық ауруы.

Электрокардиограммада өзгерістар жоқ барлық топтағы жұмыс істейтіндер кардиолог дәрігерді тарта отырып, дәрігерлік консультациялық комиссияның шешімі бойынша жұмысқа жіберіледі.

3) ырғағы мен төмен градациялар өткізгіштігі бұзылған эндокардтың, миокардтың және

перикардтың созылмалы аурулары. Айқын регургитациясыз митральды қақпақшаның пролапсы, жүрек көлемінің ұлғаюы, жүрек жеткіліксіздігі, ырғақтың бұзылуы жұмысқа қабылданатындар мен жұмыс істейтін жылжымалы жабдық жүргізушілері мен машинистерінің топтары үшін қарсы көрсетілімдер болып табылады.

4) вегетативті жүйке жүйесі мен эндокриндік ағзадардың аурулары кезінде жүрек қызметінің функционалдық тұрақсыз, айқын білінбеген бұзылыстары диспетчерлер, көлікте есеп жүргізумен айналысатын қызметшілер, тежегіш жұмысшылар, бағыттаушылар, тіркеушілер, теміржол көлігінің жол машиналары мен механизмдеріне қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмысшылар топтарына жұмысқа түсетіндер үшін қарсы көрсетілім болып табылады. Жұмысқа түсетіндердің және жұмыс істейтіндердің қалған топтары тиімді емделуден кейін жіберіледі.

5) жүрек-қантамыр жүйесі тарапынан асқынулардың жоғары, артериялық қысымды дәрі-дәрмектік түзетуге қарамастан, өте жоғары қаупі бар II-III дәрежелі артериялық гипертензия жылжымалы жабдықтың жүргізушілері мен машинистері тобында жұмыс істейтіндер, тежегіш жұмысшылар, бағыттаушылар, тіркеушілер, теміржол көлігінің жол машиналары мен механизмдеріне қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмысшылар (өтпе бойынша кезекші, жетекшіні қоса алғанда бағыттаушылық пост), теміржол көлігінің жол машиналары мен механизмдеріне қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмысшылар (жолдар мен жасанды құрылыстарды ағымдағы ұстау және жөндеу бойынша босатылған бригадир, жолдар мен жасанды құрылыстарды қараушы, жол монтері, аға шеберді қоса алғанда жол шебері, тоннель шебері) үшін қарсы көрсетіледі.

6) коронарлық шунттаудан, коронарлық артерияларды ангиопластикадан/стендтеуден, аневризмэктомиядан және аортопластикадан, жүрек клапандарын протездеуден және жүрек пен тамырлардағы күрделі операциялардан кейінгі жағдай теміржол көлігіндегі поездар қозғалысымен байланысты жұмыскерлер үшін қарсы көрсетіледі. Митралдық комиссуротомиядан, артериялық түтікті байлаудан және күрделі емес кардиохирургиялық араласулардан кейінгі жай-күйлер – тиімді емдеуден кейін бастықтар мен инженерлер жібереді. Асқынулар мен функционалдық бұзылулар болмаған кезде жүрек жарасын тігу операциясынан кейінгі жағдай - машинистер мен машинистердің көмекшілері үшін қарсы көрсетілім болып табылады.

7) анамнезінде есін жоғалтумен созылмалы артериялық гипотензияның барлық түрлері. Бас айналу және есін жоғалту болмаған кезде тыныштықта тұрған артериялық гипотензия 100 және 60 миллиметр сынап бағанасынан төмен, сананың бұзылуынсыз тұрақты артериялық гипотензия - барлық топтар, жүргізушілер тобының жқмыскерлері мен жылжымалы жабдық машинистері үшін қарсы көрсетілімдер болып табылады.

Анамнезінде есін жоғалтпай ортостатикалық артериялық гипотензия жылжымалы жабдық жүргізушілері мен машинистері кәсіптерінің тобына түсетіндер, машинистер тобының жұмыскерлері, поезд жұмысында машинистің көмекшісіңіз жұмыс істейтін жүргізушілер үшін қарсы көрсетілімдер болып табылады.

8) бронхоэктатикалық ауруға байланысты операциялардан кейінгі жағдай машинистің көмекшісіңіз поезд жұмысымен айналысатын машинистер үшін қарсы көрсетіледі. Қалған жұмыскерлер тиімді емдеуден кейін жіберіледі. Ағзалардың саркоидозы кезінде жұмысқа жіберу кәсіптік маңызды функциялардың бұзылуының ауырлығына байланысты.

9) асқазан ауруларын тиімді операциялық емдеуден кейінгі жағдай машинистің көмекшісіңіз поезд жұмысымен айналысатын машинистер үшін қарсы көрсетіледі.

10) қолайлы өтетін лимфолейкоз (анемиясыз, геморрагиялық синдромсыз және ісіктің үлкен массасынсыз) машинистер тобының жұмыскерлері үшін қарсы көрсетілім болып табылады;

Хирургиялық аурулар:

1) жылжымалы жабдық жүргізушілері мен машинистерінің тобына жұмысқа түсетіндер үшін кәсіпте жұмысты орындауға анық кедергі келтірмейтін сүйектер мен буындардағы қабыну процесінің (туберкулез, остеомиелит және басқалары) салдарлары қарсы көрсетілім болып табылады.

2) 0-I дәрежелі буындар функциясының бұзылуымен деформацияланатын артроздар, дорсальгиялар және спондилопатиялар. Диспетчерлер тобына жұмысқа орналасушылар және жұмыс істейтіндер, есепке алумен айналысатын қызметшілер кәсіп үшін қажетті функцияларды сақтаған кезде жұмысқа жіберіледі. Жұмысқа бастықтар ретінде орналасатын және теміржол көлігінің жол машиналары мен механизмдеріне қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмысшылар тобында жұмыс істейтін адамдар жіберіледі.

3) бірінші саусақтың, бірнеше фалангтардың әр түрлі комбинациясының екі саусағының және колдың қармау немесе ұстап тұру функциялары ішінара бұзылған деформациялар. Көрсетілген деформацияларда ең көп жұмыс істейтін аяқ-қолды (оң, сол) және функцияның бұзылу дәрежесін ескеру қажет.

Диспетчер тобы үшін жазу, сызу, пультта жұмыс істеу функциясының сақталуын ескеру керек.

Табан функцияларын бұзатын деформациялар машинистерге, машинистердің көмекшілеріне, вагондарды қараушыларға, поездарды құрастырушыларға, поездарды құрастырушылардың көмекшілеріне, вагондардың қозғалыс жылдамдығын реттеушілерге, жолдар мен жасанды құрылыстарды қараушыларға, жол монтерлеріне қарсы көрсетіледі.

4) айқын білінбейтін созылмалы веноздық жеткіліксіздігі бар аяқ көктамырларының варикозды кеңеюі жылжымалы жабдықтың жүргізушілері мен машинистері тобына жұмысқа түсетіндер және онда жұмыс істейтіндер үшін қарсы көрсетіледі.

5) асқынбаған өт-тас және несеп-тас аурулары (өт қабының және бүйрек жамбасының "мылқау" тастары) айқын қабынусыз және шаншу қаупінсіз барлық топтарға жұмысқа түсетіндер және жылжымалы жабдықтың жүргізушілері мен машинистері тобында жұмыс істейтіндер үшін қарсы көрсетіледі. Қалған топта жұмыс істейтіндер несеп (өт) тастарын тиімді операциялық емдеуден немесе өздігінен босағаннан кейін жұмысқа жіберіледі.

6) Рейно ауруы (синдромы) жылжымалы жабдык жүргізушілері мен машинистерінің топтарына жұмысқа түсетіндер және поезд жұмысында машинистің көмекшісінің жұмыс істейтін машинистер үшін қарсы көрсетілім болып табылады. Басқа жағдайларда айқын емес Рейно синдромы кезінде кәсіптік маңызды функциялардың бұзылуы болмаған жағдайда жұмысқа қабылдауға рұқсат етіледі.

Көз аурулары:

1) рұқсат етілген көру жітілігі. Жұмысқа мынадай топтарға жұмысқа түсетіндер жіберіледі:

әрбір көзінде 1,0 көру жітілігімен жылжымалы жабдык жүргізушілері мен машинистері.

ең жақсы көзде 0,6, ең нашар көзде 0,4 көру жітілігімен диспетчерлер, көліктегі есепке алумен айналысатын қызметшілер.

ең жақсы көзде 0,8, ең нашар көзде 0,5 көру жітілігімен тежегіш жұмысшылар, бағыттаушылар,

тіркеушілер, теміржол көлігінің жол машиналары мен механизмдеріне қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмысшылар.

ең жақсы көзде 0,8, ең нашар көзде 0,5 көру жітілігімен теміржол вагондарының жолсеріктері, кондукторлар, өндірістік пайдалану бөлімшелерінің басшылары, техник-механиктер.

ең жақсы көзде 0,8, ең нашар көзде 0,4 көру жітілігімен теміржол көлігінің жол машиналары мен механизмдеріне қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмысшылар.

ең жақсы көзде 0,7, ең нашар көзде 0,3 көру жітілігімен желілік құрылыстарға және станциялық байланыс жабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмысшылар, мамандандырылған бөлімшелердің басшылары.

Жылжымалы жабдықтың жүргізушілері мен машинистері тобында түзетілген де, түзетілмеген де қажетті көру жітілігі ескеріледі. Жылжымалы жабдық жүргізушілері мен машинистері топтары кәсібінің талапкерлері, оқушылары, түсетіндер мен жұмыскерлерінің және теміржол вагондары жолсеріктерінің, кондукторлардың, өндірістік пайдалану бөлімшелерінің басшыларының, техник-механиктердің көру жітілігін анықтау Ландольт кестелерінің сақиналары бойынша, кәсіптер - Головин Сивцев кестелерінің әріптік оптотиптері бойынша жүзеге асырылады.

Диспетчерлер, көлікте есепке алумен айналысатын қызметшілер, тежегіш жұмысшылар, бағыттаушылар, тіркеушілер, теміржол көлігінің жол машиналары мен механизмдеріне қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмысшылар, теміржол вагондарының жолсеріктері, кондукторлар, өндірістік пайдалану бөлімшелерінің басшылары, техник-механиктер, желілік құрылыстарға және байланыстың станциялық жабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмысшылар, мамандандырылған бөлімшелер басшылары топтары үшін - көру жітілігін түзетуге рұқсат етілмеген жағдайларда сараптамалық қорытынды " түзетусіз" бөлімі бойынша, түзетуге рұқсат етілген кезде - "түзетумен" немесе "түзетусіз" бөлімі бойынша шығарылады. Көзілдірік немесе контактілі түзету қажет болған жағдайда қорытындыда: " көзілдірікпен (контактілі линзалармен) жарамды" деп көрсетіледі. Осы жағдайларда жіберілгендерде көзілдіріктің немесе линзалардың қосалқы жұбы болады, оларды киюді (және қосалқы оптикалық құралдардың болуын) бақылауды локомотив депосы денсаулық сақтау пункттерінің нұсқаушы құрамы мен медицина персоналы жүзеге асырады.

Түсетіндердегі рефракция циклоплегиямен анықталады: жылжымалы жабдықтың жүргізушілері

мен машинистері тобының кәсіптерінде (жол машиналарының машинисті және машинист көмекшісінің кәсібінен басқа) 0,5 диоптрияға (бұдан әрі - Д) дейінгі аметропияға жол беріледі, мына мамандықтарда: бағыттама постының кезекшісі, сигнал беруші, поездарды құрастырушы, поездарды құрастырушының көмекшісі (аға құрастырушыны қоса алғанда), жүк поездарының кондукторы (бас кондукторды қоса алғанда), вагондар қозғалысының жылдамдығын реттеуші, электр дәнекерлеуші, электр газбен дәнекерлеуші (жолдарда жұмыс істейтін) 1,0 Д-ға дейінгі аметропиямен жіберіледі.

Барлық кәсіптік топтар үшін пресбиопияны түзетуге рұқсат етіледі. Анизометропияны оптикалық түзету 2,0 Д аспайтын айырмамен, төзімділік жақсы болған жағдайда рұқсат етіледі. Кератотомиядан немесе инфракератопластикадан кейінгі жай-күй - жылжымалы жабдық жүргізушілері мен машинистері тобы кәсібінің талапкерлері, оқушылары және оған түсетіндер, сондай-ақ поезд жұмысына көмекшісіз тағайындалатын және жұмыс істейтін машинистер үшін қарсы көрсетілім.

Басқа кәсіптерге түсетіндер мен жұмыскерлері кәсіптік маңызды функцияларды сақтаған және асқынулар болмаған кезде жіберіледі. Рефракциялық операциялардан кейін көру функциялары орта есеппен 1 жылдан кейін қалпына келеді. Операцияға дейінгі бастапқы миопиялық немесе гиперметропиялық рефракция жылжымалы жабдық жүргізушілері мен машинистері тобының жұмыскерлерінде 4,0 Д-дан жоғары болмауы мүмкін. Келіп түсетіндер мен диспетчерлер, көлікте есепке алумен айналысатын жұмыскерлер, тежегіш жұмысшылар, бағыттаушылар, тіркеушілер, теміржол көлігінің жол машиналары мен механизмдеріне қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмысшылар, теміржол вагондарының жолсеріктері, кондукторлар, өндірістік пайдалану бөлімшелерінің басшылары, техник-механиктер, желілік құрылыстарға және байланыстың станциялық жабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмысшылар, мамандандырылған бөлімшелердің басшылары тобында - 6,0 Д жоғары емес (рефракцияның жай-күйі туралы деректер болмаған кезде ультрадыбыстық биометрия жүргізіледі: көз осінің ұзындығы 26,0 мм-ден астам немесе 22,0 мм-ден кем болған кезде қарсы көрсетілім болып табылады);

2) жұмыскерлерде афакияны түзету: интраокулярлық линзаның (бұдан әрі - ИОЛ) тұрақсыз жағдайы, алдыңғы немесе артқы камераларға шығып кетуге бейімділік, артификациялық көздегі гипертензия, кистоздық сүзгілеу жастығы жылжымалы жабдықтың

жүргізушілері мен машинистері, теміржол вагондарының жолсеріктері, кондукторлар, өндірістік пайдалану бөлімшелерінің басшылары, техник – механиктер топтарындағы жұмыскерлер үшін қарсы көрсетіледі.

Тек бір жақты интракапсулалық ИОЛ-ға жол беріледі, екі жақты ИОЛ-ды диспетчерлер, көлікте есепке алумен айналысатын қызметшілер, теміржол көлігінің жол машиналары мен механизмдеріне қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмысшылар топтарында жұмыс істейтіндер үшін ДК шешеді;

Кез келген түрдегі бір жақты ИОЛ-ға жол беріледі, екі жақты ИОЛ-ды тежегіш жұмысшылар, бағыттаушылар, тіркеушілер, теміржол көлігінің жол машиналары мен механизмдеріне қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмысшылар тобында жұмыс істейтіндер үшін ДКК шешеді.

Тек бір жақты интракапсулярлық ИОЛ немесе артқы камералы ИОЛ, екі жақты ИОЛ-ға желілік құрылыстар мен станциялық байланыс жабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмысшылар тобында жұмыс істейтіндер, мамандандырылған бөлімшелердің басшылары үшін ДКК шешеді;

3) түсті көру аномалиялары тежегіш жұмысшыларының, бағыттаушылардың, тіркеушілердің, теміржол көлігінің жол машиналары мен механизмдеріне қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмысшылардың топтары үшін рұқсат етіледі.

4) глаукома поезд жұмысында машинистің көмекшісіз жұмыс істейтін барлық жұмысқа түсетіндер мен машинистердің жұмыскерлеріне қарсы көрсетіледі.

Компенсацияланған және жедел немесе дәрі-дәрмекпен тұрақтандырылған және жергілікті гипотензиялық терапиямен компенсацияланған II сатыдағы глаукома поезд жұмысымен айналысатын кәсіптердің барлық топтарына; машинистер тобының жұмыскерлеріне, жылжымалы жабдық жүргізушілеріне қарсы көрсетіледі.

Жақсы нәтижемен операция жасалған және жергілікті гипотензиялық терапияны қолданбай компенсацияланған I сатыдағы глаукома жылжымалы жабдықтың жүргізушілері мен машинистері тобының және машинистің көмекшісіз поезд жұмысында жұмыс істейтін машинистердің жұмысқа түсетіндер үшін қарсы көрсетілім болып табылады.

Глаукомасы бар жұмыскерлер жылына 2 рет міндетті медициналық қарап-тексеруден өтеді;

5) қосарлану қатар жүретін көз бұлшықетінің аурулары. Бинокулярлық көру қабілеті бұзылған

кылилык жылжымалы жабдыктын жүргізушілері мен машинистері тобы кәсіптерінің жұмысына түсетіндер мен жұмыскерлері, желілік құрылыстар мен станциялық байланыс жабдығына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмысшылар кәсіптері тобына жұмысқа түсетіндер, мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (өндіріс учаскесі бастығының лауазымынан басқа) үшін қарсы көрсетіледі.

б) ең төменгі шегі 30 градус болатын көру өрісінің шектелуі.

Диспетчерлер, көлікте есепке алумен айналысатын қызметшілер, тежегіш жұмысшылар, бағыттаушылар, тіркеушілер, теміржол көлігінің жол машиналары мен механизмдеріне қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмысшылар, теміржол вагондарының жолсеріктері, кондукторлар , өндірістік пайдалану бөлімшелерінің басшылары, техник-механиктер, желілік құрылыстар мен станциялық байланыс жабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмысшылар, мамандандырылған бөлімшелердің басшылары үшін жұмысқа жіберу мәселесі жеке шешіледі.

Көру өрісінің кез келген меридиандағы бекіту нүктесінен 20 және одан да көп градусқа шектелуі.

Орталық скотома (абсолюттік немесе салыстырмалы) жылжымалы жабдыктын жүргізушілері мен машинистерінің топтары үшін қарсы көрсетілім болып табылады.

Кез келген меридианда бекіту нүктесінен 30 және одан да көп градусқа көру өрісінің шектелуі диспетчерлер, көлікте есепке алумен айналысатын қызметшілер; тежегіш жұмысшылар, бағыттаушылар, тіркеушілер, теміржол көлігінің жол машиналары мен механизмдеріне қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмысшылар, теміржол вагондарының жолсеріктері, кондукторлар , өндірістік пайдалану бөлімшелерінің басшылары, техник-механиктер, желілік құрылыстар мен станциялық байланыс жабдығына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмысшылар, мамандандырылған бөлімшелердің басшылары үшін қарсы көрсетілім болып табылады.

7) сфералық линзаны +1,5 Д-ден аспайтын, цилиндрлік линзаны +1,0 Д-ден аспайтын, әрбір көзде 1,0-ден төмен түзету арқылы көру жітілігінің төмендеуі жылжымалы жабдык жүргізушілері мен машинистері тобының және поезд жұмысында машинистің көмекшісінің жұмыс істейтін машинистер үшін қарсы көрсетілім болып табылады .

Халықтың декреттелген топтарын жұмысқа жіберуге медициналық қарсы көрсетілімдер.

1. Инфекциялық аурулар және инфекциялық қоздырғыштарды тасымалдаушылар (стафилококк, стрептококк, мерез, гонорея және басқалар);
2. Іш сүзегі, паратифтер, сальмонеллез, дизентерия аурулары қоздырғыштарының бактерия тасымалдаушылығы;
3. Гельминт жұмыртқаларын тасымалдаушылық;
4. Іріңді аурулар - акушерлік және хирургиялық стационарларға, жаңа туған нәрестелер, шала туған нәрестелер патологиясы бөлімшелеріне, балалар сүтханаларына, кремді-кондитерлік және басқа да тамақ өнімдерін дайындау және сату жөніндегі ұйымдарға.
5. Жұқпалы емес тері аурулары (псориаз, экзема, аллергиялық дерматит).
6. Туберкулезбен ауырып сауыққандар: перзентханаларға (бөлімшелерге), балалар ауруханаларына (бөлімшелеріне), жаңа туған және шала туған нәрестелер патологиясы бөлімшелеріне; туберкулезге қарсы диспансерлердегі орталықтандырылған ДҚК-ның қорытындысы бойынша мектепке дейінгі ұйымдарға (сәбилер/ балабақшалар, сәбилер үйлері, балалар үйлері, балалар санаторийлері) және мектеп ұйымдарының бастауыш сыныптарына.
7. Барлық ағзалар мен жүйелердің белсенді туберкулезі. Зақымданған ағзалардың функционалдық бұзылуларымен қатар жүретін, ауырып сауыққан туберкулездің (оның ішінде операциядан кейінгі) салдарлары.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушы
2020 жылғы 15 қазаны
